

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
«Менеджмент» кафедрасы**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им. Л.Н.  
ГУМИЛЕВА  
Кафедра «Менеджмент»**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
“Management” Department**



**«ФОРСАЙТ ӘДІСНАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТТІҢ МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты  
Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияның  
материалдары 6 мамыр 2021 жыл**

**Материалы конференции с международной научно-практической онлайн-  
конференции: «ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ МЕНЕДЖЕРОВ  
ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ОСНОВЕ МЕТОДОЛОГИИ  
ФОРСАЙТА» 6 мая 2021 года**

**Materials of International Scientific and Practical online Conference  
"PROBLEMS OF TRAINING MANAGERS OF INNOVATIVE ACTIVITIES  
BASED ON THE FORESIGHT METHODOLOGY"  
6 of May 2021**

**НҮР-СУЛТАН, 2021**

УДК 005  
ББК 65.290-2  
Л11

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Старший преподаватель кафедры «Менеджмент» Сейсинбинова А.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 25 жылдығына арналған **«Форсайт әдіснамасы негізінде инновациялық қызметтің менеджерлерін даярлау мәселелері»** Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияның материалдары - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

Материалы с международной научно-практической онлайн-конференции: **«Проблемы подготовки менеджеров инновационной деятельности на основе методологии форсайта»**, посвященная 25 летию Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

Materials of International Scientific and Practical online Conference "**Problems of training managers of innovative activities based on the foresight methodology**" dedicated to the 25 anniversary of L.N. Gumilyov Eurasian National University – Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021

**ISBN 978-601-337-614-1**

Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияның мақалалар жинағында Форсайт әдіснамасы негізінде инновациялық қызметтің менеджерлерін даярлаудың өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике статей международной научно-практической онлайн-конференции рассмотрены актуальные вопросы подготовки менеджеров инновационной деятельности на основе методологии форсайта.

In the collection of articles of the International Scientific and Practical online Conference, topical issues of the training managers of innovative activities based on the foresight methodology are considered.

**ISBN 978-601-337-614-1**

**УДК 005**  
**ББК 65.290-2**  
**Л11**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021  
© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021

Экономикалық жүйенің инновациялық ортасын қалыптастырудың кешенді тәсілі аясында маркетинг, әзірлеу, өндіру, қаржы және т.б. қызметтерінің инновация туралы параллель шешім қабылдауын қоса алғанда, барлық функционалды бірліктерді инновациялық процестерге тарту үшін жағдай жасау өте маңызды.

Бұндай тәсіл келесі мүмкіндіктерді береді:

- инновациялық дамудың нарықтық, ғылыми-техникалық, өндірістік және қаржылық перспективаларын бірлесіп бағалау;

- инновациялық процестің қатысушыларының соңғы нәтижелері үшін ұжымдық жауапкершілігін қабылдау;

Осылайша, осы тәсілге байланысты инновациялық ортаны дамытудың негізгі тенденциясы шаруашылық жүргізуші субъектінің зияткерлік, материалдық, қаржылық, кадрлық, инфрақұрылымдық және т.б. ресурстарға қатысты инновациялық әлеуетін арттыруға бағдарланумен анықталады, ол өз кезегінде инновациялық өнімдер мен технологиялардың сапасын арттыруға бағытталған өндіріс жағдайларын қамтамасыз етеді.

### Әдебиеттер тізімі:

1 Федина Е.А. Проблемы стратегического управления инновационной деятельностью предприятия //Фундаментальные и прикладные исследования в современном мире. 2013. Т. 2. № 04 (04). С. 116–121.

2 Акимаева Р.И., Епифанова Н.Ш. Мониторинг инновационной активности региональных промышленных предприятий // Вестник АГТУ. Экономика. 2010. С. 190–198.

3 Шепелев Г.В. Проблемы развития инновационной инфраструктуры // Наука и инновации в регионах России [Электронный ресурс]. Режим доступа: [http://regions.extech.ru/left\\_menu/shepelev.php](http://regions.extech.ru/left_menu/shepelev.php).

4. Бронштейн, С.Б. Инновационная стратегия развития сырьевых территорий при реструктуризации градообразующей отрасли [Текст]: автореф. канд. дисс.: 08.00.05 / С.Б. Бронштейн. – Екатеринбург : ИЭ УрО РАН, 2009. – 28 с.

5.“Руководстве Осло”, (1992 г., 1997 г., 2005 г.) Рекомендации по сбору и анализу данных по инновациям.

ӘӨЖ 336.5 : 364 (574)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОП – ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

**Кұрақ Д.Т.**

Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 1-курс магистранты,  
*Ғылыми жетекшіі:* Тұрмаханбетова Ш.Ш., э.ғ.к., доцент

**Аннотация:** Зейнеткерлерді әлеуметтік қорғау жүйесі кез келген азаматтың мемлекеттен көмек күтуді емес жеке жауапкершілігін ынталандыру үшін жұмыс жасауы тиіс.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік осал топ, зейнетақы жүйесі, әлеуметтік қорғау.

Қазақстан Республикасында халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобы саналатын – зейнеткерлерді әлеуметтік қорғау шаралары заң жүзінде бекітілген. Ең алдымен зейнет жасына жеткен азаматтарды базалық зейнетақымен қамтамасыз ету, оларға мемлекет тарапынан жеңілдіктер мен әлеуметтік көмек ретінде жәрдемақылар қарастырылған. Зейнеткерлерді әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі көзі зейнетақы жүйесі болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда қолданыстағы міндетті, ерікті және базалық деңгейлерден тұратын көпдеңгейлі зейнетақы жүйесі болып табылады.

Бірақ жинақтаушы зейнетақы жүйесі реформасының айтарлықтай оң нәтижелер бергеніне қарамастан, оның көптеген мәселелері қазірге дейін шешілмеген күйінде қалуда. Олардың ішінде зейнеткерлердің жинақтаған қаржыларының қызметтен кейінгі өмір сүру кезеңіне жеткіліксіздігі, ол кездегі гендерлік мәселелердің шешілмегендігі өндірістік мүгедектік мәселелері және т.б.

Жасалған зейнетақы реформасының бірден бір артықшылығы нарықтық инфрақұрылымға және әлеуметтік қамсыздандыру үлгісін түбегейлі жетілдіруге бағытталған жинақтаушы зейнетақы жүйесінің енгізілуі мен дамуы болды. Сонымен қатар, кез келген жұмыс жасаушы азамат келешек зейнетақысы жайлы өзі қамдануы сияқты бюджет ауырмашылығы айтарлықтай жеңілдетілгенін атап өтуге болады. Салымшылардың алатын зейнетақы көлемі жинақтау қорларындағы олардың жинақтаған зейнетақы жинағының мөлшеріне байланысты төленеді, яғни қалай жұмыс жасап, қанша табыс алғанына тікелей байланысты.

1998 жылдан бастап жинақтаушы зейнетақы жүйесі және зейнетақы нарығының инфрақұрылымы құрыла бастады. Жеке зейнетақы жарналары қағидаты бойынша ТМД елдері аумағында бірінші болып Қазақстан 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне жүйелі түрде көше бастады.

Сондай-ақ, зейнет жасындағы азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында мынадай жәрдемақы түрлері қарастырылған: қала бойынша зейнет жасындағы азаматтардың қоғамдық көліктерде тегін жүруі; ҰОС ардагерлері және мүгедектерінің Денсаулық сақтау министрлігінің бекіткен дәрі-дәрмектер тізімі бойынша шығындарына өтемақы беру; мүлік салығын төменгі пайызбен төлеу, бірақ жыл сайын олардың есептелуі өзгеріп отырады; зейнеткерлердің кейбір отынға қажеттілігі бар жеке секторда тұратын зейнеткерлер керекті құжаттарды жергілікті жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау өкілдіктеріне тапсырған жағдайда тегін көмірмен қамтамасыз етіледі; санаториялық-курорттық

аумақтарда 2 апта көлемінде тегін медициналық қызмет көрсету және 5 мезгіл тамақпен ҰОС ардагерлерінің және мүгедектердің қамтылуы; жұмыспен қамту орталықтарынан коммуналдық қызметтерге кеткен шығындарына өтемақы алу құқығы; әлеуметтік қызметкерлердің жалғызбасты зейнеткерлерге, мүгедектерге көмек көрсетуі.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік зейнетақылық сақтандыруға негізделген зейнетақымен қамсыздандырудың ең танымал екі баламалы нысаны бар, олар: «ынтымақтастық-үлестіруші» және «жеке-жинақтаушы». Олардың негізгі айырмашылықтары бірінші жағдайда бір ұрпақты зейнетақымен қамсыздандырудың қаржыландыру көзі басқа (келесі) ұрпақтың қаржысы болып табылады. Екінші жағдайда кез келген азамат өзін зейнетақымен қамсыздандырудың қаржы көзін өз бетімен немесе барлық еңбекке қабілетті мерзімде жұмыс берушінің қатысуымен қалыптастырады.

Ғылыми әдебиеттерде зейнетақы жүйесі қаржыландыру тәсіліне, салымдар мен төлемдерді жүзеге асыру түрлеріне және оған міндетті немесе ерікті қатысуына байланысты ерекшеленеді. Тиісінше зейнетақымен қамсыздандыру негізінде екі немесе төменде көрсетілген (мемлекеттік және мемлекеттік емес) зейнетақы жүйесінің үйлесуінен үлестіруші (ортақ), жинақтаушы (капитандырылған) немесе аралас (үлестіруші – жинақтаушы) үлгісі ажыратылуы мүмкін. Аралас жүйенің енгізілуі халықты әлеуметтік қорғау сапасының артуын, қосымша зейнетақымен және зейнеткерлер үшін өмір сүру деңгейінің жоғарылауын қамсыздандыруды білдіреді.

Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі екіге бөлінеді: үлестіруші (ынтымақтастық) және жеке жинақтаушы болып табылады.

Үлестіруші (ынтымақтастық) жүйе зейнетақы жарналарынан және салық есебінен қаржыландырылады.

Ал жеке жинақтаушы жүйе ерікті және міндетті жарналардан жиналады.

Дамыған елдерде зейнетақымен қамсыздандырудың классикалық, әлеуметтік-бағытталған және либералды- демократиялық моделдеріне ажыратылады. Классикалық «Бисмарк моделіне» сәйкес (Германия, Испания, Франция), зейнетақы жүйесіне қатысушылардың төленген жарналарының көлеміне қарамастан, зейнеткерлер пайдасына жұмыс жасайтын азаматтардың зейнетақы жарналарын қайта үлестіру жолымен жүзеге асырылады.

Шетелдік мемлекеттер ішінде толықтай қалыптасып оң нәтиже берген зейнетақы жүйесін енгізген Германияны атап өтсек болады. Нарықтық экономикаға тән және халықтың өз болашағы үшін жауапкершілігінің жоғары деңгейін сипаттайтын зейнетақы жүйесін қалыптастырған бірден бір мемлекет Германия болып табылады.

Германиядағы зейнетақы жүйесі де дәстүрлі үш деңгейден тұрады. Бірінші деңгей – мемлекеттік үлестіруші зейнетақы көлемі еңбек өтілі мен еңбекақы төлеміне байланысты және еңбекақы қорынан жұмыс берушілер сияқты жұмысшыларда зейнетақы қорына 19,4% көлемінде шегеріліп отыруымен қамтамасыз етілетін міндетті зейнетақылық сақтандыру шеңберінде жүзеге асырылады.

Германиядағы жұмыс жасаушылардың келісім шарттарының шамамен 50%-ын құрайтын – кәсіпорындардың зейнетақылары ерікті зейнетақымен қамсыздандырудың екінші деңгейі болып табылады және қызметкерлерге кәсіби зейнетақы бағдарламаларының біріне қатысуға шақыратын, өзін-өзі басқару құрылымдық бөлімшесін құру арқылы қызметкерлеріне зейнетақы төлеу туралы кәсіпорынның мәселелерін дербес шешуін болжайды. Бір жағынан зейнетақымен қамсыздандырудың мұндай формасы кәсіпорын үшін де (олар кәсіпкерлік қызметтің дамуына инвестициялануы мүмкін), мемлекет үшін де тиімді.

Германияның зейнетақы жүйесінің үшінші деңгейі ерікті жеке зейнетақылық қамсыздандырумен ұсынылған. Ерікті зейнетақымен қамсыздандыру өмірді сақтандыру келісім шартымен, ұзақ мерзімді жинақ жарналары, зейнеткерлік сақтандырудың жекелей келісім шарттары арқылы жүзеге асады. Жұмысшылардың ерікті зейнетақы жарналарына бір уақыттағы мемлекеттен қосымша ақы қарастырылған. Жинақталған соманың төлемі салымшының бүкіл өмірі барысында бөлініп-бөлініп жүзеге асырылады.

Қазақстанда ерікті зейнетақы жүйесіне азаматтардың қатысу деңгейі де төмен. Қазіргі таңда БЖЗҚ-да ерікті зейнетақы салымшыларының шоты – 39 000. Бұл еліміздің жұмыс жасаушы бөлігінің 0,5%-ын ғана құрайды. Бұл жағдай жұмыс жасаушы ел азаматтарының ерікті зейнетақы жүйесіне қатысудағы пассивтілігі мен оған деген ынталандырудың жоқтығымен тікелей байланысты. Азаматтар өз қаражаттарын ерікті зейнетақы жүйесіне салғанға қарағанда екінші деңгейлі коммерциялық банктерге депозитке салғанды жөн көреді. Бұл дегеніміз коммерциялық банктердің ерікті зейнетақы жүйесіне қарағанда үлкен стимул беретінін көрсетеді.

Мемлекет коммерциялық банктердегі халықтың депозитке қаржы жинақтауы барысында 10 миллионға дейінгі соманы сақтандырады және ондағы пайыздық үстеме 10%-ды құрайды. Ал БЖЗҚ-да мысалы пайыздық ставка 2014 жылы 6,31%-ды құрады. БЖЗҚ-дағы жалғыз кепілдік жинақталған қаржыны инфляция шайып кетпейді. Осы коммерциялық банктегі депозит пен БЖЗҚ-дағы ерікті зейнетақы салымының пайыздық ставкасының айырмашылығы азаматтардың ерікті зейнетақы жүйесіне қатысуына кері әсерін тигізеді. Ал қаржылық қызмет жеткілікті түрде дамымаған ауылдық жерлерде адамдар ерікті зейнетақы жинақтарының орнына мал басын болашақтағы қосымша сенімді қаржы көзі ретінде көбейтуді жөн көреді.

Қазақстанда еңбекке қабілетті балаларының бар болғанына қарамастан жалғыз өмір сүретін қарт адамдар аз емес. Одан бөлек, туыстарымен бірге өмір сүру барсында қарт адамдардың тұрмыстық зорлық-зомбылыққа кезігіп жатқан жағдайлар да кездеседі.

Мәселен:

- Қазақстан аумағын өмір сүріп жатқан зейнеткерлердің құқықтары мен еркіндігін қорғайтын, кепілдіктері мен қарт адамдарды мемлекеттің әлеуметтік осал тобы болғандықтан жеңілдіктерін қамтитын бірыңғай заң жобасын жасау;

- сол заң негізінде зейнеткерлердің құқықтарын қорғайтын Қазақстанның барлық аймағында жергілікті және қалалық уәкілетті органдар құру;

- құрылған органда олардың құқығы мемлекеттік қызметкерлер, әлеуметтік қызметкерлер және отбасы мүшелері тарапынан құқығы бұзылған жағдайда жедел хабарласа алатын байланыс телефондары жұмыс жасауы тиіс. Мұндай заң АҚШ, Ресей және Ұлыбританияда жұмыс жасайды. Сондай-ақ, осы секілді заң ол елдерде оң нәтиже берген.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы 21.06.2013 жыл 105-V
2. Қазақстанның зейнетақы жүйесі.// Қазақстан Интернет Ассоциациясы. [электрондық ресурс] кіру тәртібі: <http://www.iaak.kz/>
3. История и предпосылки развития накопительной пенсионной системы Республики Казахстан // Вестник КЭУ: экономика, философия, педагогика. - Карағанды, 2010. - №1 (16). - 69-72 бет
4. [электрондық ресурс] кіру тәртібі: <https://articlekz.com/article/13668>
5. 1998 жылдың 1 қазанның бастап зейнетақы мөлшерінің декреті туралы: Қаулысы №// ҚР-ның Президенті мен ҚР-ның Үкіметінің Актілер жиынағы. – 1998. - №35 – 5-6 бет
6. Пруд Павел Владимирович Управление пенсионной системой: зарубежный опыт// Современные технологии управления. ISSN 2226-9339.
7. The Organisation for Economic Co-operation and Development [электрондық ресурс] : <http://stats.oecd.org/Index.aspx?QueryId=9611>
8. Palmer Edwyard. The Swedish Pension Reform Model: Framework and Issues [электрондық ресурс].

УДК 338.012

## ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В УСЛОВИЯХ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

**Морозова Ю.Э.**

Старший преподаватель кафедры инноватики и инновационной деятельности экономического факультета,  
Белорусский государственный университет,  
г. Минск, Республика Беларусь  
E-mail: [morozova\\_ula82@mail.ru](mailto:morozova_ula82@mail.ru)